

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1831

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Кварц" акционерлік қоғамына жүргізген монтаждау-реттеу жұмыстары үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі республикалық бюджет пен республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша 2536 мың (екі миллион бес жүз отыз алты мың) теңге, оның ішінде қосымша құнға салынатын салық бойынша 303 (үш жүз үш) мың теңге, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 855 (сегіз жүз елу бес) мың теңге, Экономиканы жаңғырту қорына 1378 мың (бір миллион үш жүз жетпіс сегіз) мың теңге сомасындағы берешегі бар "Кварц" акционерлік қоғамы арасында бір жолғы есептеу жүргізсін.

Аталған сома жүргізілген монтаждау-реттеу жұмыстары үшін берешегін өтеуге Ұлттық қауіпсіздік комитетін қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. Берешекті есептеу 1995 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, аталған соманы бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары